

Керей қайда барасың?
Сырдың бойын көбелеп?
Сен қашсаң да, мен қойман,
Арғымағым жебелеп» - деп сөз етеді.
Осының барлығы да қазақ халқының қай заманда болмасын сөз өнерін аса жоғары бағалағаны айқын көрінеді.

Қазақ халқының сөз өнері, шешендік өнері жайында тереңнен ой толғап, нақты тұжырымдар жасаған ғалымдардың бірі – Рабиға Сыздықова. Автор шешендік өнер дәстүрі тарихына тоқтала келіп, шешендік өнер мен шешендік сөз ұғымдарының ара-жігін ажыратып көрсетеді. Рабиға Сыздықова бұл тұжырымдары арқылы қазақ шешендігінің бай, қуатты екенін тағы да жария етті.

Айта берсек те, жаза берсек те шешендік сөз, шешендік өнер туралы ақпарат көздері таусылмайды. Қазақ халқының тарихы қаншалықты тереңде болса, қазақ шешендік өнерінің тарихы соншалықты тереңде. Мен өз ойымды Серік Ақсұңқарұлының мына өлеңімен аяқтағым келеді.

Шешен билер тамсандырған сөзіне
Ұқсап кетті Цицеронның өзіне.

...Сарыарқаға келсем болды, сурет боп
Неше түрлі елестейді көзіме.

Мұнды Тоқа күйлерінің сазы кеп,
Сыр шертеді өткен күннің назы деп.
Тақпақтап ап жөнелетін секілді–

Төрде отырған Қаз Дауысты Қазыбек[3].

Жалпы қазақ шешендік сөздері - аса бай поэтикалық тілімен өзгеше қалыпта көрінген, халқымыздың рухани азығына айналған көркемдік құбылыс. Сондықтан да ата-баба мұрасы – ұрпаққа ұлағат, кейінгіге аманат, келер күнмен бірге жасайтын рухани асыл қазына, сарқылмас байлық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жақан Молдабеков «Шешендік» оқу құралы, 7-бет – Алматы, 2020
2. Боранбаев.Ж. «Мәңгілік елдің» мұраты. «Үркер» газеті. 26 желтоқсан, 2014
3. Шешен билер тамсандырған сөзіне. Серік Ақсұңқарұлы «Қара орман» өлеңдер жинағы, 147-бет – Алматы, «Ел-шежіре» ҚҚ. 2012

Шаймардан Мерей Өмірханқызы

Е.А.Бөкетов атындағы университеті филология факультетінің 2 курс студенті
sajmardanrina64@gmail.com

*Ғылыми жетекші:
ф.ғ.д., профессор Б.С.Рахимов*

ЕРТЕГІДЕГІ ӘЙЕЛДЕР БЕЙНЕСІ

Қазақ халық ауыз әдебиетінде шытырман оқиғаларға құрылып сан алуан тақырыптарды көтеретін халық прозасының бір түрі - ертегілер. “Ауыз әдебиетінің басқа эпостық түрлері сенімді, ертегілердің де өзіндік құрылысы, көркемдік ерекшеліктері бар. Қандай ертегіні алсақ та ол белгілі бір сюжетке құрылады, өзінше басталуы, аяқталуы болады [1,101] Ертегіде көбіне батырлық қана дәріптелмейді. Сандаған тақырыптар көтеріледі. Ер азамат пен әйелдің тағдыры да табылады. Қай ертегіні алып қарсақ міндетті түрде “ақылына көркі сай” әйел обрызы бар. Қыз қылығына қатысты істерді тәрбиелік мағынада қолданған.

«Келінім ақылды болса балам да дана болады,

Ердің бақыты - әйелде» - деп Төле би бабамыз тегін айтпаса керек. Мәселен: «Ақылды әйел» ертегісінде Сақыпжамалдың даналығының арқасында Тесікбайға ақыл кіріп, басы бүтін бір елге бас болуы баяндалады. Ертедегі адамдар бірден арман-мақсатына жеткен жоқ, қиындық атаулыны жеңуі арқылы көздегеніне жетті. «Әйел ана» ертегісінде халық Әйел ананың ақыл - парасатының арқасында аман қалады. «Халықтың асыл қазынасы тілді - ана тілі», - деп Әйел ананың ақ сүтінен даритын қасиетке балаған. «Данышпан қыз», «Күлше қыз» ертегілерінде қыздар ақыл парасатымен ханның жұмбағын шешеді. «Күн астындағы Күнекей қыз» ертегісінде де қыздың ақыл - парасаты, амал - айласы хан мен уәзірлерінің арам-ниеттерінен асып кетеді.

Қазақ, шетел ертегілерінде әйелдер аңдар құстармен сөйлесе алады. Көбінесе аңдар әйелдерге көмектеседі. Мысалы: «Дудар қыз» ертегісінде: Дудар қыз малдың ішінде жылқыны қарап жүріп, құла тайдың жүнін алақанмен үгеді. Құла тайға тіл бітеді. Құла тай оған ақылын айтады. «Сен білмейсің, мен айтайын күйеуің қасқырдың алыбы, құбылып адам болып келген» - дейді.

«Ер Төстік» ертегісінде Кенжекей :

Төстік ердің өлгенін,

Өлмесе қайтып келгенін

Білдірші енді Құба інген! - деп зарлайды. «Көпес қызы мен молда» ертегісінде Шешесі мен қызы хан малдарын шауып алып қойғанына жылап отырғанда, торғайлар бір-біріне бұлардың жатқан жерінде жеті патшаның малы бар екенін айтады. Қыз тұрып естігенін шешесіне айтады. Қиялдан жасалған десекте, бұл ертегілерде әділдік пен зұлымдықтың тайталасы барлығы анық.

Ертегі оқиғаларын қызықты, күлкілі, аянышты қылып құру, бір оқиғадан екіншісіне асыра сипаттау ертегіге тән ерекшелік екендігін көптеген ғалымдар түсіндірген. Бұл мәлеле қазақ әдебиетінің тарихына қатысты арнайы көптомдық жазған М.О.Әуезовтың, қазақ ертегілеріне қатысты Е.Ысмайловтың еңбектерінде айтылған [2],[3].

Кей ертегілерді алып қарасақ ер мен әйел теңдігі айқын көрініс табады. Ертегілерде қаншалықты төрт түлігі сай, байлығы асып тасыған байлардың ұлды ұзақ жылдар күтетіні баяндалады. Қанша сөзге ұрынса да байлар басқа әйел алмайды. Жаратқаннан бала тілейді. Содан кейін батыр балалар дүниеге келеді. Мәселен: «Ер Төстік», «Алпамыс», «Жарты Төстік», «Әлібек батыр», «Дудар қыз», «Нанбатыр», «Делдаш батыр» т.б. Жерік болған әйелдері жәй затқа жерік болмаса да, оны ерлері тауып әкелген. «Әлібек батыр» ертегісінде анасы арыстан етіне жерік болады. «Қобыланды батыр» да әйелі бөрі етіне жерік болады. «Алпамыс батырда» әйелі қабылан жүрегіне жерік болады. Соған қарай балалары арыстандай, бөрі мінезді болады. Бұның бәрінде де батырдың жаратылысы бөлек, елден ерек деген ұғым айтылады.

Қазақта «батыр туылса, жүйрігі қоса туылады» - дейді. Кей ертегілерде ер серігі тұлпарды әйелдері тауып беріп жатады. Мысалы: «Ер Төстік» ертегісінде Кенжекей Шалқұйрық атты әкесінен сұрап жасауына алады. «Қобыланды батыр» ертегісінде де, қыз Құртқаның таңдауы болған «Бұрыл құлыны» Қобыландының тұлпары болады. «Ертегілер өтірік болғанымен мағынасыз болмайды. Көбінесе астарлы мағынасымен өнегелі келеді» [4,233].

Кейбір ертегілердегі әйелдер бейнесі ұқсас болып келеді. Мәселен: «Ер Төстікте», «Алпамыс батырда» өрмек құрып отырған кемпір қарғайды. Бұдан бөлек шетел әдебиетіндегі ертегілерде де әйелдер бейнесі бір-біріне ұқсас болады. Мәселен: X ғасырда белгісіз автордың «Таңғажайып Отикубо туралы аңыз» атты туындысы жапон әйелдерінің образын жасады. Туынды Күлбике туралы ертегіні еске салады: өгей шешесінен әбден қорлық көрген бойжеткеннің оқиғасы. Ол үй жинайды, тамақ дайындайды, бар тұрмыс тірлігіне жауапты болады. Бір күні бойжеткен беделді жапон әулетінің жас мұрагерімен танысып, оған ғашық болады. Бұл жердегі басты нәрсе — Отикубо жас жігіттің жүрегін тек сұлулығымен ғана емес, еңбекқорлығы, ерекше талғамы және өлең жаза алатын таланты арқылы жаулап алуы.

Осы қасиеттерді жапон халқы әйел бойындағы ең маңызды нәрсе санайтын. Кез келген ақсүйек әйел жарын жерге қаратпау үшін өнерден хабардар болуы шарт еді. Күлбикеден айырмашылығы Отикубо өзіне күн бермеген әке-шешесін жазалаудың орнына, сүйіктісін оларға көмек қолын созуға көндіреді. Әйел бойында мейірім балаға ғана емес, халқына, туған ата-анасына бірдей болу қажеттігін ертегі осылай түсіндірген.

Көптеген қазақ ертегілерінде әйелдер әкелерінің сөзінен аспаған. Әкесі “кімге тұрмысқа берем”,- десе, сөзін жерге тастамаған.Қызы дүниеге келмей бесік құда болып та жатады. Мәселен:«Керкұла атты Кендебайда» хан шартын орындаса батырды босатып, малыңды өзіңе қайтарамын,кіші қызымды беріп күйеу етемін “– дейді. Одан бөлек “Сынтас”,”Келіншектау”мифтерінде әкесінің алдында кінәлі болғандықтан ,қыздар тасқа айналып қалады. Тағыда басқа ертегілерде де бұндай оқиғалар көптеп кездеседі.

Ежелгі ертегілерде көңіл аударарлық нәрсе-әйелдердің басына түскен қиыншылықтан құтылу үшін, өзін құрбан етіп, тасқа, жұлдызға айналуы.Мысалы, Меланезияда тұратын тайпалардың Шолпан туралы мифінде Манди де ген қыз құрбандыққа шалынатын өлімнен қашып жұлдызға айналып кетеді[17].

Қырық саны көне дәуірдегі ертегілерде жиі кездеседі.Қырық санының әйелдерге байланысты айтылуы баланың ана құрсағында қырық апта болуынан бастау алғандай.Мәселен,« Қырық қыздың моласы»,«Қырық қыз» сияқты аңыздар,ертегілер де бар.«Арман тас» атты ертегіде қыз өлген адамның қасында оны тірілту үшін 40 күн, 40 түн отырады... “Алпамыс Батыр” жырында да Алпамыстың қырық қыздың киіз үйіне кіреуі,Қазығұрт тауындағы «Қырық қыз» деп аталатын тастарға байланысты мифті де айтуға болады.[16]Одан бөлек қазақта: « Қыздың қырық жаны бар» , « Қызға қырық үйден тыйым» , « Ана қырық шырақты» т.б. нақыл сөздерде де бар.

Әйелдер бейнесі мифтік бейнеде көп кездеседі.Мысалы: пері қыз,мыстан кемпір,Бекторы, албасты,жезтырнақ т.б.« Молда мен сиқыршы әйел» ертегісінде молданың әйелі сиқыршы болады .« Мамай батыр» ертегісінде жезтырнақ сияқты мифтік бейнелер кездеседі.«Аңшы мен сиқыршы әйел» ,«Ақ қаз» ертегісінде де т.б ертегілерде көптеп кездеседі.”Қазақ ертегісінің құрылысы өзге халықтар ертегілерінің композициясымен ұқсас : кейіпкерлерін таныстыратын бастама,оқиғаны эпикалық пофоста баяндау және бақытты аяқталу, міне бұлар көптеген халықтың классикалық ертегілеріне тән элементтер . Мұндай ұқсастық жалпы ертегі жанрының типологиялық табиғатынан және халық идеясын мадақтау мақсатымен туған”[5,232]. Бұл барлық ертегілерге тән ұқсастық екендігі ғалымдар еңбектерінде айтылып келеді.

Қазақ ертегілеріндегі әйелдер бейнесіне үнілгенде де бұл заңдылық қалыпты сақталғанына көз жеткіздік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ғабдуллин М. Қазақ халық ауыз әдебиеті. -Алматы; Мектеп ,1974-320б.
2. Қазақ әдебиеті тарихы. 1 том . Алматы: Ғылым , 1960-724б.
3. Ысмайлов Е. Ақындар.-Алматы : Қазмембас, 1986-421б.
4. Байтұрсынов А. Шығармалары.-Алматы:, 1989-320б.
5. Қасқабасов С. Қазақ халық прозасы.Алматы:Ғылым,1984.-279б.
6. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы.Таңдамалы.1 том.Астана:2014